

Мәслихаттың 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 418 "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 425 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 наурызда № 6245 болып тіркелді. Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2018 жылғы 7 ақпандағы № 201 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 07.02.2018 № 201 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 387-бабының 1-тармағына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 418 "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-4-183 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 7 сәуірде "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету жүзеге асырылсын.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386-бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXIV сессияның төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

И. Неявко

Г. Жарылқасымова

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Лисаков қаласы бойынша мемлекеттік

кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы

Ж. Утепова

2016 жылғы "17" наурыз

Мәслихаттың

2016 жылғы 17 наурыздағы

№ 425 шешіміне

қосымша

Мәслихаттың

2011 жылғы 1 сәуірдегі

№ 418 шешіміне

қосымша

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету

Бағалау аймақтың нөмірі	Жерсалығының базалық мөлшерлемелерін төмендету (-) немесе жоғарылату (+) пайызы
1	+50
2	+40
3	+30
4	+20
5	0
6	-50